

Ақпарат алмасуды қамтамасыз ету және мемлекеттік меншік жөніндегі деректердің ақпараттық базасын жүргізу жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 наурыздағы N 246 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 391 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.04.2013 N 391 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Мемлекеттік меншікті есепке алуды жетілдіру, сондай-ақ оның пайдаланылуына бақылау жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың тізілімін жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.05.28. N 580 , 2006.09.27. N 926 қаулыларымен.

2. Мемлекеттік кәсіпорындарға, мемлекеттік мекемелерге және жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға қатысты ұйымдастыру, қайта құру, тарату және қайта тіркеу, сондай-ақ жүктеу (кепіл, басқаруға беру), мемлекеттің үлестік қатысуын өзгерту осы Ережемен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен реттеледі деп белгіленсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.05.28. N 580 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті және өзге де мемлекеттік органдар Ережеге сәйкес деректердің уақытылы ұсынылуын қамтамасыз етсін.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.10.28. N 1369 , 2006.09.27. N 926 қаулыларымен.

4. Министрліктер, ведомстволар және өзге де мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп нормативтік базаны осы қаулыға сәйкес келтірсін.

5. "Мемлекеттік меншікті басқарудың тиімділігін арттыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 1 тамыздағы N 1207 қаулысының 1-тармағының күші жойылған деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 8 ж ы л ғ ы 2 1 н а у р ы з д а ғ ы

N 2 4 6 Қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғаның тізілімін жүргізу ережесі

Ескерту. Мәтіндегі сөздер өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.05.28. N 580 , тақырыпқа өзгерту енгізілді - 2006.09.27. N 926 қаулыларымен.

Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың тізілімі (бұдан әрі - Тізілім) - Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде орналасқан мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекеттік мекемелер және жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалар туралы экономикалық, статистикалық және мәтіндік ақпаратты қамтитын сандық және сапалық көрсеткіштердің бірыңғай ж ү й е с і . < * >

Осы Ереже Тізілімді жүргізуді ұйымдастырудың негізгі принциптері мен технологиясын, сондай-ақ Тізілімнің деректерін пайдаланудың тәртібін белгілейді.

I. Жалпы ережелер

1. Тізілім мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалар туралы жиынтық деректерді қамтиды. Осы Ереже көрсетілген заңды тұлғаларға кірмейтін мемлекеттік мүлікті тіркеу мен есепке алудың тәртібін белгілемейді.

2. Тізілім Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі - Комитет) белгілеген талаптарға сәйкес есептелетін объектілерді құрылымдауға мүмкіндік беруі тиіс.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.05.28. N 580 қаулысымен .

3. Тізілім екі кіші бөлімнен (негізгі және қосымша) тұрады.

Тізілімнің негізгі бөлімі 1-қосымшада көрсетілген, объектіні бірдейлендіруге және объекті туралы негізгі статистикалық деректерді ұстауға мүмкіндік беретін көрсеткіштерді, оның ішінде акциялары ұлттық холдингтің және ұлттық басқарушы компанияның меншігіндегі акционерлік қоғамдардың (олардың еншілес, тәуелді ұйымдарын және өзінің қатысу үлесін есепке алу және олардың ұйымдық-құқықтық нысандарына қарамастан, қатысушылардың қаржылық есептілігінде активтерді, міндеттемелерді, осы қызметтен түсетін кірістер мен шығыстарды көрсету үшін бірлескен қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды қоса алғанда) қызметі туралы ақпаратты қамтиды. Қосымша кіші бөлім мемлекеттік міндеттерді шешу үшін қажетті, түрлі серпінді көрсеткіштерді қамтиды.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.27. N 926 қаулысымен .

4. Комитет Тізілімнің тапсырысшысы және менеджері болып табылады.

Тапсырысшының функциялары:

Тізілімнің қосымша көрсеткіштерінің құрамын айқындайды;
негізгі және қосымша кіші бөлімдердің ақпараттарын дайындаудың және енгізудің тәртібін айқындайды;

Тізілімді жүргізу жөніндегі бірыңғай нормаларды, ережелерді және әдістемелік нұсқауларды бекітеді;

Тізілімді ұстаушыны белгілейді.

Менеджердің функциялары:

Тізілімді әзірлеуге және оның бірыңғай ғылыми-әдістемелік және нормативтік-құқықтық базасын құруға байланысты жұмыстарды ұйымдастырады және бөлінген қаражаттың шектерінде қаржыландырады;

экономика секторларында мемлекеттік активтерді басқару саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға уәкілетті мемлекеттік органның Тізілімге қол жеткізуін ұйымдастырады;

Тізілімге тікелей басшылықты жүзеге асырады, Тізілімнің деректерінің жинақталуына, түзетуге, ақпараттарды пайдаланушыларды және Тізілімнің деректерін ұсынудың тәртібін айқындауға байланысты өкімдер береді;

оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалар туралы ақпаратты мемлекеттік органдарға тоқсан сайын береді;

Тізілімнің жұмыс істеуіне қолдау көрсетудің ұйымдастыру мәселелеріне байланысты басқа да функцияларды атқарады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.05.28. N 580 , 2006.09.27. N 926 қаулыларымен .

Ескерту. 5-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.07.09. N 951 қаулысымен .

5 - 1 . алынып тасталды

Ескерту. 5-1-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.05.28. N 580 қаулысымен .

6. Тізілімді ұстаушының функцияларына: мемлекетке тиесілі немесе мемлекеттің оларға қатысты мүлктік құқықтары бар бағалы қағаздарды атаулы ұстау;

бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, енгізу және жаңарту, сондай-ақ Тізілімді жүргізу үшін қажетті жабдықтарды іріктеу және сатып алу;

Тізілімді жүргізудің техникалық және бағдарламалық құралдарының тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

Тізілім деректері базаларына қол жеткізуді Тізілім менеджерінің нұсқауларына қатаң сәйкестікте әкімшіліктендіру, ұсыну және қолдау;

Тізілімге тікелей өзгерістер мен толықтырулар енгізу жатады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.05.28. N 580 , 2006.09.27. N 926 қаулыларымен .

Ескерту. II-бөлім алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.05.28. N 580 қаулысымен .

7. Негізгі кіші бөлімді бастапқы толтыру мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалар туралы:

тіркелген мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалар туралы - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің;

бағалы қағаздар эмиссияларының проспектілерін тіркеу туралы - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің;

мемлекеттік статистикалық есептілік туралы - Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Статистика және талдау жөніндегі комитетінің;

Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалар туралы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің;

өзіне қайта ұйымдастыру рәсімдерін жүргізу үшін берілген объектілер туралы - "Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттік" АҚ-ның деректер жинағының негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.10.28. N 1369 қаулысымен .

8. Тізілімнің қосымша кіші бөлімін бастапқы толтыру тапсырысшының талап етуі бойынша министрліктер, ведомстволар және басқа да уәкілетті органдар

ұсынатын деректер жиынтығының негізінде жүзеге асырылады.

9. Жоғарыда көрсетілген органдар ұсынатын деректер 1998 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 2-қосымшада көрсетілген құрылымдарға сәйкес қалыптастырылуы және 1998 жылдың 15 сәуірінен кешіктірілмей Тізілімнің менеджеріне берілуі тиіс.

10. Тізілімнің деректер жинағы және оны бастапқы толтыруды тізілімді ұстаушы жүзеге асырады.

11. Қалыптасқан Тізілімді тапсырысшысы бекітеді.

III. Тізілімге өзгерістер мен толықтырулар енгізудің тәртібі

12. Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелерді, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғаларды құруға, қайта ұйымдастыруға, таратуға, қайта тіркеуге, сондай-ақ жарғылық капиталын ұлғайтуға, жүктеуге (кепіл операциялары, басқаруға беру) және мемлекеттің үлестік қатысуын өзгертуге байланысты іс-әрекеттер осы Ережеде белгіленген тәртіппен Тізілімде тіркелуге жатады.

12-1. Жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі (келісім бойынша) Комитет, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті Тізілімнің негізгі кіші бөлімін дүркін-дүркін жаңарту үшін деректерді 2-қосымшада көрсетілген көрсеткіштерге сәйкес тізілім ұстаушыға ұсынуы тиіс.

Ескерту. 12-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.05.28. N 580 , өзгерту енгізілді - 2006.09.27. N 926 қаулыларымен.

12-2. Министрліктер, ведомстволар, басқа да уәкілетті органдар және өзге де мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттің акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының шешімдерін айқындау құқығы бар заңды тұлғалар тапсырысшы белгілеген нысандар бойынша және мерзімдерде Тізілімнің қосымша кіші бөлімін толықтыру және дүркін-дүркін жаңарту үшін деректерді ұсынуы тиіс.

Ескерту. 12-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.05.28. N 580 қаулысымен.

13. Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелерге, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға қатысты мынадай іс-әрекеттер:

1) құру ;

2) тарату ;

3) қайта ұйымдастыру (қайта құру, біріктіру, қоса, бөлу, бөліп шығару);

4) қайта тіркеу (атауын, заңды мекен-жайын өзгерту, негізгі қорларды қайта бағалау, жарғылық капиталды өзгерту және т.б.);

5) жарғылық капиталды өзгерту;

6) бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер (сатып алу, сату, кепілге беру, кепілден қайтару, басқаруға беру, басқарудан кері қайтарып алу);

7) мемлекеттік үлестермен жасалған мәмілелер (сатып алу, сату, кепілге беру, кепілден қайтару, басқаруға беру, басқарудан кері қайтарып алу) Тізілімде т і р к е л у г е ж а т а д ы .

14. Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелерді, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғаларды тіркеу, қайта ұйымдастыру (қайта құру, біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару), тарату, қайта тіркеу үшін:

өтінім беруші тізілімді ұстаушыға мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын тиісті мемлекеттік орган (бұдан әрі - тіркеуші орган) белгілеген нысан бойынша толтырылған және уәкілетті адам қол қойған өтініштің бланкісін жолдайды;

тізілімді ұстаушы өтінішті алған сәттен бастап екі жұмыс күнінің ішінде аталған кәсіпорын бойынша Тізілімдегі ақпаратты тексереді, Тізілімге қажетті өзгерістер мен толықтыруларды енгізеді және өтініштің бланкісіне тиісті белгі қ о я д ы ;

өтінім жасаушы тіркеуші органға тізілімдік ұстаушының белгісі бар өтінішті б е р е д і .

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.05.28. N 580 қ а у л ы с ы м е н .

15. Жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлға жарғылық капиталының мөлшері өзгерген кезде тіркеуші органға жоғарыда көрсетілген тәртіппен тізілім ұстаушы растаған өтініш беріледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.05.28. N 580 қ а у л ы с ы м е н .

16. Тіркеуші орган 5 жұмыс күнінің ішінде тізілімді ұстаушыға Тізілімге өзгерістер енгізу үшін жүргізілген мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы не тіркеуден (қайта тіркеуден) бас тартылғандығы туралы хабарлайды.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.05.28. N 580 қ а у л ы с ы м е н .

17. Мемлекетке тиесілі бағалы қағаздармен мәміле жасау және оны орындау, сондай-ақ оларды бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімде тіркеу тізілімді ұстаушы растаған, уәкілетті мемлекеттік орган беретін бұйрықтардың негізінде ғ а н а жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

18. Мемлекетке тиесілі бағалы қағаздармен мәмілелерді атқаруды және жасасуды, сондай-ақ оларды бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімінде тіркеуді жүзеге асыратын тұлғалар 5 жұмыс күнінің ішінде Тізілімге өзгерістер

мен толықтырулар енгізу үшін бұйрықтың орындалуының не орындалмауының нәтижелері туралы тізілімді ұстаушыға хабарлайды.

Ескерту. 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.05.28. N 580 қаулысымен .

19. Шаруашылық серіктестіктеріндегі мемлекеттік үлесті, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындарды кепілге немесе басқаруға беру туралы шешім қабылдаған жағдайда, меншік иесінің функцияларын жүзеге асырушы мемлекеттік басқару органы, шарт жасасқанға дейін тізілімді ұстаушының растауын алуы тиіс .

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.05.28. N 580 қаулысымен .

20. Шаруашылық серіктестіктеріндегі мемлекеттік үлесті, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындарды сатып алу-сату, кепілге және басқаруға беру шарттарында тізілімді ұстаушының белгісі болуы тиіс. <*>

Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.05.28. N 580 қаулысымен .

21. Мемлекеттік үлесті сатып алу-сату, кепілге және басқаруға беру шарты бұзылған жағдайда, шарттың бір тарабы болып табылатын мемлекеттік басқару органы 5 жұмыс күнінің ішінде Тізілімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін, тізілімді ұстаушыны шарттың бұзылғандығы туралы құлақтандыруға тиіс.

Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.05.28. N 580 қаулысымен .

21-1. Өзіне берілген өкілеттіктердің шеңберінде банкроттық рәсімдердің жүргізілуіне, сондай-ақ дәрменсіз борышкерді таратудың соттан тыс рәсінде бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мемлекеттік кәсіпорындар мен жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалар таратылған жағдайда , тарату туралы шешім заңды күшіне енген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде тізілім ұстаушыға тарату рәсімінің басталғандығы туралы хабарлауға міндетті.

Ескерту. 21-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.05.28. N 580 қаулысымен .

21-2. Тізілім үшін ақпарат ұсынатын министрліктер, ведомстволар мен басқа да уәкілетті органдар (бұдан әрі - уәкілетті органдар) олардың өзгергендігі туралы ақпарат алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде Тізілімге енгізілген көрсеткіштердің кез келген өзгерісі туралы тізілім ұстаушыға жазбаша хабарлауға міндетті .

Ескерту. 21-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.05.28. N 580 қаулысымен .

22. Тізілімді ұстаушы мынадай жағдайларда:

Тізілімде мемлекеттік кәсіпорын мен мекеме, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғаның құрылуы фактісі тіркелмегенде (заңды тұлғаның құрылуын тіркеуді қоспағанда);

өтінім беруші ұсынған деректер Тізілімдегі ақпаратқа сәйкес келмегенде Тізілімге өзгеріс енгізбеуге құқылы.

23. Тізілімді ұстаушы, анықтау және Тізілімге өзгерістер енгізу үшін өтінім берушіден қосымша құжаттар талап етуге құқылы.

24. Тізілімнің деректерін толтыру және өзгерту кезінде деректер ұсынудың дұрыстығы мен уақтылығы үшін уәкілетті органдардың лауазымды тұлғалары жауапкершілікте болады.

Ескерту. 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.05.28. N 580 қаулысымен.

25. Ұсынылған ақпаратты Тізілімге енгізудің дұрыстығы мен уақытылығы үшін тізілімді ұстаушы жауапкершілікте болады.

26. Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғаның тізілімін қалыптастыру мен жүргізуді қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

26-1. Тізілімді жүргізу жүйесіне жергілікті атқарушы органдардың қол жеткізуін ұсыну мен қолдауға байланысты жұмыстарды, сондай-ақ Тізілімді пайдалана отырып, жергілікті атқарушы органдардың тапсырысы бойынша орындалатын өзге де жұмыстарды қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 26-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.09.27. N 926 қаулысымен.

IV. Тізілімді жүргізудің технологиясы

27. Тізілімді оны басқаруды оңтайландыруға және ақпаратқа қол жеткізуді әкімшіліктендіруге мүмкіндік беретін, деректердің сенімділігі мен сақталуын қамтамасыз ететін арнаулы бағдарламалық-техникалық кешендердің базасында, ақпараттарды жинаудың, өңдеудің және сақтаудың электрондық жүйелері құралдарының көмегімен жүзеге асырылады.

V. Тізілім деректерінің өзектілігін және толықтығын бақылау

28. Уәкілетті органдар тізілім ұстаушының жазбаша сұрауы бойынша Тізілімнің негізгі және қосымша кіші бөлімдерінің көрсеткіштерін өзекті ету және нақтылау үшін сұралатын деректерді ақысыз ұсынуға міндетті.

Тізілім ұстаушы Тізілім деректерінде анықталған алшақтықтар туралы

уәкілетті органға хабарлайды, ол ақпарат алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде деректерді нақтылауға және оларды тізілім ұстаушыға беруге міндетті.

Ескерту. V-бөліммен және 28-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.05.28. N 580 қаулысымен.

1-қосымша

Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалар тізілімінің БАЗАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.05.28 N 580 қаулысымен.

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.04.30 N 352 (2010.08.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

N р / н	Көрсеткіш	Түсіндіру
1	Бизнес	- сәйкестендіру нөмірі
2	Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.04.30 N 352 (2010.08.13 бастап қолданысқа енгізіледі)	Қаулысымен.
3	Мемлекеттік тіркеу күні	Соңғы қайта тіркеу күні
4	Толық атауы	
5	Қысқартылған атауы	
6	Аймақтың коды	- Объект орналасқан аймақтың коды
7	Орналасқан жері	- Орналасқан жерінің толық мекен-жайы
8	Саласы (қызметі)	- ОКЭД сәйкес саланың коды
9	МНК	- Меншік нысанының коды
10	Ұйымдастыру-құқықтық	- Ұйымдастыру-құқықтық нысанының

|нысаны

|коды (КОПФХС сәйкес)

11	Басшы (жоғары лауазымды адам) 	- Бірінші басшының (жоғары лауазымды тұлғаның) тегі, аты мен әкесінің атының б а с ә р і п т е р і
12	Бухгалтер 	- Бас бухгалтердің тегі, аты мен әкесінің атының бас әріптері
13	Тіркеуші 	- Тіркеуші туралы деректер (акционерлік қоғамдар үшін)
14	Жарғылық капитал	- Жарғылық капиталдың мөлшері
15	Мемлекеттің үлесі 	- Жарғылық капиталдан мемлекеттік үлестің мөлшері %-пен
16	Пакет 	- Акциялардың саны (акционерлік қоғамдар үшін)
17	Жүктеу 	- Мемлекеттік үлесті үшінші тұлғаларға басқаруға немесе кепілге беру

2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің
2001.10.28 N 1369 , 2002.05.28 N 580 , 2006.09.27 N 926 ,
2007.04.30 N 352 (2010.08.15 бастап қолданысқа енгізіледі)
Қаулыларымен.

**Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, жарғылық капиталына
мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың тізілімі үшін мемлекеттік
о р г а н д а р ұ с ы н а т ы н
Д Е Р Е К Т Е Р**

N		Көрсеткіш		Түсіндіру
---	--	-----------	--	-----------

Әділет

министрлігі

1	Бизнес	- сәйкестендіру нөмірі
---	--------	------------------------

2 | Мемлекеттік тіркеу күні

3 | Толық атауы |

4 | Аймақтың коды |- Объект орналасқан аймақтың коды

5 | Орналасқан жері |- Орналасқан жерінің толық мекен-жайы

6 | Ұйымдастыру-құқықтық нысаны | нысаны | коды (КОПФХС сәйкес)

7 | Басшы (жоғары лауазымды адам) | | Бірінші басшының (жоғары лауазымды адамның) тегі және аты мен әкесінің атының бас әріптері

8 | Бухгалтер | | Бухгалтердің тегі және аты мен әкесінің атының бас әріптері

9 | Жарғылық қор | | Жарғылық қордың мөлшері

Статистика жөніндегі агенттік

1 | Бизнес | | сәйкестендіру нөмірі

2 | **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.04.30 N 352 (2010.08.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

3 | Толық атауы |

4 | Саласы (қызметі) | | ОКЭД сәйкес саланың коды

5 | ҰҚН | | Ұйымдастыру-құқықтық нысаны

6 | СОАТО | | Әкімшілік-аумақтық бөлінуіне сәйкес аймақтың коды

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі

1 | Бизнес | | сәйкестендіру нөмірі

2 |Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.04.30 N 352 (2010.08.13
|бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3 |Мемлекеттік тіркеу күні

4 |Т о л ы қ а т а у ы |

5 |Саласы (қызметі) |- ОКЭД сәйкес саланың коды

6 |Басшы (жоғары лауазымды адам) |- Бірінші басшының (жоғары лауазымды адамның) тегі және аты мен әкесінің атының бас әріптері

7 |Бухгалтер |- Бухгалтердің тегі және аты мен әкесінің атының бас әріптері

8 |Орналасқан жері |- Орналасқан жерінің толық мекен-жайы

9 |Тіркеуші |- Тіркеуші туралы деректер (акционерлік қоғамдар үшін)

10 |Жарғылық капиталы |- Жарғылық капиталының мөлшері

11 |NSIN коды |- Эмиссияның (NSIN бойынша) жүйелендірілген коды

12 |Номинал |- Акциялардың номиналы

13 | Акциялардың саны |- Эмиссиядағы акциялардың саны

Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (республикалық меншік бойынша)

1 |Бизнес |- сәйкестендіру нөмірі

2 |Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.04.30 N 352 (2010.08.13
|бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3 |Жарғылық капитал |- Жарғылық капиталдың мөлшері

4 | Т о л ы қ а т а у ы |

5 |Мемлекеттік үлес | - Жарғылық капиталдан %-пен есептегендегі
| мемлекетке тиесілі мемлекеттік үлестің
| м ө л ш е р і

6 |Пакет | - Мемлекетке тиесілі акциялардың саны
| (акционерлік қоғамдар үшін)

7 |Мемлекеттік басқару | мемлекеттік басқару органы (мемлекеттік
| органы (мемлекеттік | кәсіпорындар үшін);
| орган) | акциялардың мемлекеттік пакеттерін
| | иелену және пайдалану құқықтарын жүзеге
| | асыратын мемлекеттік орган (акционерлік
| | қоғамдар үшін); мемлекеттік қатысу
| | үлестерін иелену және пайдалану
| | құқықтарын жүзеге асыратын мемлекеттік
| | орган (жауапкершілігі шектеулі
| | серіктестіктер үшін)

8 |Жүктеу | Жүктеу (кепіл, басқару) туралы деректер

9 Құру тарихы құруға, қайта құруға немесе таратуға
байланысты қабылданған шешімдер туралы
д е р е к т е р

**Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс
ж ө н і н д е г і к о м и т е т і**

1 |Бизнес | - сәйкестендіру нөмірі

2 |Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.04.30 N 352 (2010.08.13
| бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3 | Т о л ы қ а т а у ы |

4 |Мемлекеттік үлес | - Жарғылық капиталдан %-пен есептегендегі
| мемлекеттік үлестің мөлшері

5 |Пакет | - Акциялардың саны
| |(акционерлік қоғамдар үшін)

Жергілікті атқарушы органдар (коммуналдық меншік бойынша)

- 1 Бизнес - сәйкестендіру нөмірі
- 2 **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.04.30 N 352 (2010.08.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**
- 3 Жарғылық капитал - жарғылық капиталдың мөлшері
- 4 Т о л ы қ а т а у ы
- 5 Мемлекеттік үлес - мемлекетке тиесілі жарғылық капиталдан %-пен есептегендегі мемлекеттік үлестің м ө л ш е р і
- 6 Пакет - жергілікті атқарушы органға тиесілі акциялардың саны (акционерлік қоғамдар ү ш і н)
- 7 Мемлекеттік басқару органы (мемлекеттік орган) - мемлекеттік басқару органы (мемлекеттік кәсіпорындар үшін); акциялардың мемлекеттік пакеттерін иелену және пайдалану құқықтарын жүзеге асыратын мемлекеттік орган (акционерлік қоғамдар үшін); мемлекеттік қатысу үлестерін иелену және пайдалану құқықтарын жүзеге асыратын мемлекеттік орган (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер ү ш і н)
- 8 Ауыртпалық - ауыртпалық (қарыз, басқару) туралы д е р е к т е р
- 9 Құру тарихы кұруға, қайта кұруға немесе таратуға

байланысты қабылданған шешімдер туралы
д е р е к т е р

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК